



Оразбақов Айтжан Жұмабайұлы
*заведующий кафедрой «Ассамблеи народа Казахстана»
КГУ имени Көркыт Ата, к.и.н.*

**СЫР ӨНІРІНІҢ ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ХАЛҚЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ҚУДАЛАНҒАН
ХАЛЫҚТАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ
(ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ АРХИВТЕРІНІҢ
ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Қазіргі Қызылорда облысы территориясы ежелден халық тығыз орналасқан жерлер қатарында. Ежелгі және орта ғасырлық деректерден Сыр бойында жүрген керуендер далада түнемей, күндік жол жүргеннен кейін міндетті түрде бір я бірнеше елді мекендерден өткендігі көрініп тұр. Қазақтар көшпелі мал шаруашылығына көшкеннің өзінде суы мол Сырдария бойында егіншілікпен айналысқан елді мекендер болғанын Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Археология және этнология» ғылыми-зерттеу орталығының жүргізген археологиялық зерттеулерінен көруге болады. Бір этностың, бір мәдениеттің, бір діннің өкілдері тұратын бұл жерлерден түрлі этнос өкілдерінен тұратын керуендер өткенімен тұрғылықты халық өз ұлтының басымдылығын сақтап қалды.

Тек XIX ғасырда орыс әскерлері Сыр бойына келіп орналасып қалалар, бекіністер жүйесін көбейтіп, күшейткеннен кейін ғана басқа ұлт өкілдерінің Сыр бойына қоныстанып отырықшылыққа көшкені байқала бастады. Бірінші кезекте қамалдармен, қалаларда бұған дейінде Сыр бойына келіп жүрген Бұқара еврейлері мен татарлардың дүкендері пайда болса, бірте-бірте Қазақстанның құнарлы жерлері азайғасын Сыр бойынада Ресей империясынан көшіп келушілер байқала бастады.

Ресей империясының халқы жазы ыстық, қысы суық Сыр өңіріне онша келгісі келмеді, оны Перовск қамалындағы солдаттардың Сыр бойынан кету үшін жазықсыз жергілікті қазақтарды өлтіріп, сотталып болсада басқа жерлерге қоныс аударуға дайындығынан көруге

болады. Орыс әкімшілігі мен әскерілерінен бөлек бірінші орыс шаруаларының селосы 1866 жылы Жөлек фортының жанында пайда болды, бұдан кейін Сыр бойы арқылы Ресей поштасының өтуіне байланысты жол бойында негізінен отставкаға шыққан солдаттардан кішігірім селолар, хуторлар пайда болды. Мыңдаған адамдардан тұратын ең бірінші ірі орыс қонысы 1875 жылы бүлік шығарды деп Оралдан Қазалыға көшірілген 2 мыңдай орыс казактардың арқасында құрылды. Артынан бір жылдан кейін олардың жанұяларыда Қазалыға көшірілгесін Қазалы қаласы құтты бір 5 мың халқы бар орыс қаласындай болды. Осы жерден олар бүкіл Сыр бойына, Арал теңізінің аралдарына, тіпті Өзбекстанға дейін ағылып жайылып кетті.

Казактармен бірге Сыр өңіріне біріншілер болып көшіп, сауданың арқасында өздерінің этникалық топтарын құрған этностар Бұқара еврейлері мен татарлар болды.

Бұқара еврейлері ежелден Бұқарада тұрып хан сарайына дейін ақшаны қарызға беріп, Бұқара халқының сеніміне кіріп, қорғауына ие болып, көбейіп, қазіргі Өзбекстанның көптеген қалаларында өздерінің сауда-саттық орталықтарын ұйымдастырған халық болды. Орыс әскерлері Қазақстанның оңтүстігін жаулағанда сол жерлердегі елді мекендерде болған Бұқаралық еврей көпестері орыс патшасы әкімшілігінің қарамағына көшіп, Орта Азияны жаулауда орыс әскерлеріне үлкен көмек көрсетті. 1897 жылғы санақ бойынша Қазалының өзінде 120 еврей болған екен.

Татарлар болса ертеден қазақ ауылдарын аралап өздерінің саудасы мен діни үгіт-насихат жұмысын қатар жүргізген халық болды. Қазірге дейін кейбір үйлерде сақталған революцияға дейін жарық көрген діни бағыттағы кітаптар негізінен Қазалы баспаханаларында жарық көрген еңбектер. Татарлар Қазалыда, Перовскіде орталығы Қазанда орналасқан ірі саудагер Хусайновтардың сауда филиалдарын

ашып, еврей көпестерімен бірге қазақ даласында сауда монополиясын ұстағандар болды. Татарлардың Сыр бойында көп болғанын Қазалыда орналасқан қыздар мектебінде 40 татар қызы оқығанынан көруге болады.

Орыс әкімшілігінің Сыр бойында орнығуының арқасында тек орыстар, еврейлер татарлар ғана Арал өңірін мекендей қоймай сол кездегі көп этнос өкілдерінен тұратын Ресей империясының басқа өкілдеріде қазақтың «Алаш анасы» атанған Сыр өңіріне келе бастады.

Жалпы алғанда XIX ғасырдың екінші жартысы Қазақ жерін оның ішінде Сыр өңірін Ресей әкімшілігінің күштеп демографиялық жаулауының ең бір күшейген кезеңінің бірі болды. Бұны 1897 жылы Қазақстанда жүргізілген бірінші Бүкілресейлік санақ мәліметтерінен көруге болады.

1897 жылғы санақ құжаттарынан көретін тағы бір нәрсе сол кездің өзінде Қазақстан жерін мекендеген халықтар 60-тан аса этнос өкілдерінен тұрған. Осыдан Қазақстанның көп ұлтты елге айналуы XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптаса бастағанын көруге болады.

1897 жылғы Бүкіл Ресейлік санақ өткенде Перовск уезіндегі халық саны 133663-ке, Қазалы уезіндегі халық 140541-ге жетіп, қазіргі Қызылорда облысының шекарасындағы халық саны 274204-ке жеткен. Перовскіде 1084 орыс, 0,81%; 117 украин 0,08%; Қазалыда 2821 орыс, 2%; 95, украин 0,68% ұлтының өкілдері тұрған. Қазалы қаласының қалған тұрғындарының ұлты санақ мәліметтерінде ашып көрсетілмесе де Қазалыдағы басқа ұлт өкілдерінің санын санақта көрсетілген ана тіліне қарай білуге болады. Өзінің ана тілі есебінде орыс, украин, белорус тілін 2610 адам, қазақ тілін 3358 адам, тәжік тілін 352 адам, татар тілін 627 адам, сарт тілін 435 адам, өзбек тілін 42 адам көрсеткен. Қазалы қаласының халқы Перовскіге қарағанда көптеу болған. Перовскіде 5058 адам тұрса, Қазалыда 7585 адам тұрған. Бұл санақтағы адам

санындағы бір ерекшелік Қазалы қаласы тұрғындарының 4303-і ер адамдар, 3282 әйелдер болған, пайызға шаққанда ерлер 57 пайызды, әйелдер 43 пайызды құраған. Бүкіл Қазалы уезін алсақ уездегі 140541 адамның 73630-ы (52 пайызы) ер адамдар, 66911 әйелдер (48 пайызы) болған. Қаладағы ер адамдар санының көп болуын ауыл қазақтарының жанұясын ауылда қалдырып уақытша қалаға келіп жалданып жұмыс істеуімен байланыстыруға болады. Сол кездің өзінде Қазалыда 3358 қазақ тұрса, күнделікті қалаға келіп-кетушілер көп болған. 1897 жылы санақ жүргізілген бір күнде қалаға 155 адам келген.

Қазалыдағыдай жағдай Перовскіде де болды. Уезд орталығындағы 5058 адамның 3122-сін, 62 пайызын ер азаматтар, 1936-сын, 38 пайызын әйелдер құраған. Ал Перовск уезі бойынша 133663 адамның 70756-сын, 53 пайызын еркектер, 62907-сін, 47 пайызын әйелдер құраған.

1906 жылғы Столыпіннің аграрлық реформасы Ресей империясындағы шаруалардың жаңа, ірі толқынын қайтадан қазақ жерлерін басып алуға итермеледі. 1871–1896 жылдары Ресейдің басқа жерлерінен Қазақстанға 327,8 мың адам келсе, 1897–1916 жылдарда 1301,4 мың адам келді. 1897 жылғы санақ бойынша Дала өлкесінде орыстар саны халықтың 20 пайызын құраса, 1917 жылғы қаңтардағы есеп бойынша 42 пайызға жетті. Орыстармен бірге Ресей империясын мекендеген ондаған этнос өкілдеріде Қазақстанда тегін жер жатқандай ағылып келіп жатты. 1893–1905 жылдары қазақтардан 4 млн десятина жер тартылып алынса, Столыпіннің аграрлық реформасы іске аса бастаған 1906–1912 жылдары қазақтардан тартып алынған жерлер көлемі 17 млн десятинаға жетті.

Алайда XX ғасырдың басында Сыр бойына қоныстанушы Ресейліктер онша көп болмады. Мысалы Қазақстандағы жер жанаты саналатын. Жетісуда 4 млн

десятина алынса, Сырдария облысында 500 мың десятина жер тартылып алынды. Байқап отырсаңыздар, мигранттар қатары алдыңғы толқынға қарағанда 4 есеге дейін өссе де, Сырдария облысына бірінші толқында 39,2 мың, екінші толқында 40 мың адам келген. Табиғаты шұрайлы, орманды аймақтардан кейін ыстық, шөлейт келетін Сырдария облысына, оның ішінде Перовск, Қазалы уездеріне келуге ынталылары онша көп бола қойған жоқ. Мысалға айтатын болсақ, 1908–1915 жылдарда Сырдария облысында жаңадан құрылған 162 поселканың 69-ы Шымкент, 86-сы Әулие-ата уездерінде, яғни 96% Сырдария облысының құнарлы жерлерінде құрылды. Перовск және Қазалы уездерінде 7 село ғана құрылды.

1917 жылы Перовск уезінде 184,8 мың адам тұрған, оның 5,7 мыңы орыстар болған. Қазалы уезінде 256,3 мың адам тұрған, оның 14,8 мыңы орыстар. Екі уезде 441,1 мың адам оның 20,5 мыңы орыстар болған, осыдан 100 жыл бұрын қазіргі Қызылорда облысы жерінде орыстар қазіргіденде көп болғанын көруге болады.

1917 жылға дейін Қазақстан жері тек ерікті қоныс аударушылар қоныстанған жер болмады. Қазақстан жері сотталғандарды абақтыға жіберетін, патшалық жүйеге қарсы қозғалыстарға, көтерілістерге шыққандарды айдауға жіберетін жер болды. Олардың қатарында Т. Шевченко, Ф. Достоевский, поляк көтерілісшілерінің есімдері бар.

Бірінші дүниежүзілік соғыста Сыр бойының этнодемографиялық ахуалының өзгеруіне өзіндік себебін тигізді. Соғыс қимылдары жүргізіліп жатқан аймақтан көшкен халықтың бір бөлігі алдыңғы кезеңде Сыр бойына көшіп келген туыстарын паналап, Арал өңіріне келе бастаса, артынша соғыс барысында тұтқынға түскен Австрия империясының тұтқындарыда Сыр өңіріне әкеліне бастады. Оның куәсі Қазалы мен Перовскіде болған тұтқындарға арналған лагерлер. Бірінші дүниежүзілік соғыс біткесін бұл

тұтқындардың бір бөлігі елдеріне қайтпай Сыр өңірінде қалды. 1926 жылғы мұрағат құжаттарында Қызылорда қаласы маңындағы Умфельд коммунасында 132 австриялық жұмыс істегені белгілі және КСРО-ның Австрия үкіметімен жүргізген келіссөздері нәтижесінде коммуна мүшелерінің Австриядағы әйелдері мен балалары келгені мәлім.

Кеңес үкіметі дәуірінде Қазақстан патша үкіметі дәуіріндегідей Кеңес империясының сенімсіздік білдіріп жазалаған қылмыскерлерді, ойы кеңестік идеологиямен жараспайтын тұлғаларды қуғындайтын жер есебінде қала берді. Ұжымдастыру кезінде Қазақстан жері енді кулак деп танылып, айдауға жіберілген мыңдаған КСРО-ның түрлі этнос өкілдеріне пана болған жер болды. 1932 жылдың қаңтарындағы мәліметтер бойынша Қазақстанның солтүстігінде 139039 және Қазақстанның оңтүстігінде 41669 адам, барлығы 180708 адам кулак есебінде тіркеуде тұрған.

30-шы жылдардың ортасынан бастап кеңес үкіметі репрессиялық машинасын жаңа деңгейге көтеріп енді тұтастай халықтарды репрессиялауды бастады. Бұны кеңес өкіметі соғыс қауіпі туғалы жатқан аудандарда алдын-алу жұмыстарымен түсіндірді. Екінші жағынан Қазақстанның игерілмей жатқан жаңа жерлерін кеңес үкіметі тегін жұмыс күшімен игергісі келді, себебі 30-шы жылдардағы ашаршылық себептерінен Қазақстанның көптеген жерлерінде халықтың саны, аштықтан қырылып көрші елдерге көшу есебінен азайып қалған болатын.

Орыс тарихшысы Павел Поляктың айтуынша Кеңестік Социалистік Республикалар Одағында жаппай түрде депортацияға ұшыраған 10 этнос өкілдері болды. Олар кәрістер, немістер, финн-ингерманландтар, қарашайлар, қалмақтар, шешендер, ингуштар, болгарлар, қырым-татарлары және түрік-месхеттер. Бұлардың жеті этносы депортация барысында ұлттық автономияларынан

айырылды. Олар: немістер, қарашайлар, қалмақтар, ингуштер, шешендер, болгарлар және қырым татарлары.

Көптеген тарихшылар КСРО кезінде депортацияланған халықтардың тарихын зерттегенде бұл процес кәрістердің Қиыр Шығыстан көшірілуімен басталды дейді, ал шындығында бұл үдеріс КСРО-ның солтүстігіндегі финдерді 1929–1935 жылдары көшіруден басталды. Колхоз жүйесіне кіруге асықпаған финдер, соғыс бола қалса тарихи отанын қолдап кетуі мүмкін – деп қорыққан болу керек, кеңес үкіметінің тапсырмасымен «Ерікті қоныс аударушылар» деген вогондарға тиеліп 23 217 финн Сібірге, Қазақстанға күштеп көшірілді. Екінші лекте депортацияға гректер ұшырады, бұның себебін 1935 жылы Грециядағы билікке фашистік идеяны қолдаған Иоанис Метакастың келуімен байланыстыруға болады. Баста олар КСРО-ның шекаралы аудандарынан көшірілген болса, кейін 1949 жылға дейін КСРО-ның басқа аудандарынан лег-легімен Қазақстанға оның ішінде Қызылорда облысынада көшірілді. Қызылордаға Әзербайжаннан, Грузия, Украина және Кубаннан көшірілген 36 551 гректің 250 вагонға тиелген 4604 адамы бар 1168 грек жанұясы әкелініп, 1385 адамы өнеркәсіпке, 3219 адамы колхоздарға жұмысқа орналастырылды.

1926 жылғы санақ материалдары бойынша Қазақстанда, кейін Қазақстан құрамынан шыққан Қарақалпақстанды санамағанда, бар болғаны 157 грек ұлтының өкілі тұрған екен.

1939 жылғы санақта гректердің саны 1374-ке жеткен. 1939 жылғы санақ мәліметтерінде гректердің аз болу себебі, гректердің көбі көшіру кезінде түрмеге жабылып 80% атылып кетті. 1959 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 55543 грек болған. Олардың үлкен диаспорасы Қызылордада тұрған.

1936 жылы Кеңес үкіметінің шешімімен КСРО-ның батыс аймағындағы шекаралар поляктардан және немістерден «тазартылды». Олардың 64319 адамы Қазақстанның солтүстігіне 4964 адамы оңтүстік Қазақстан облысына көшірілді. Қызылорда облысының біраз бөлігі ол жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы құрамына кіретін.

Қазақстандықтар көштің бұл легін бауырмалдықпен күтіп алды. Мұрағат құжаттарының бірінде «жергілікті халық бұл көш легі келгенде барын беріп, сол күні колхоз балаларыда сүтсіз қалды» – деп жазған екен.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда тағы да 36729 поляк Қазақстанға көшірілді. Бұл жылы немістер көшірілмеді, себебі 1939 жылғы 23 тамыздағы және кейінгі Германиямен КСРО арасындағы келісімдерге сәйкес екі ел өздерін дос ел деп санады.

Қазақстанға қоныс аударылған халықтардың екінші легінде кәрістер болды. 1937 жылдың 21 тамызында Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Халық Комиссарлар Кеңесімен БКП (б) ОК бірлесе қабылдаған № 1428–326 сс қаулысы қабылданды. Бұл қаулыда Қиыр Шығыс өлкесінен корей халқын басқа жерлерге көшіру туралы айтылды. Молотовпен Сталиннің қол қойған құжаты ұйып жатқан бір халықты аяқ астынан дүбірге салып, бауыр басқан жерінен кетуге мәжбүрледі. Кәрістер көне қойған жоқ, алайда бас көтеріп өз ойын білдіріп, қарсылық білдіргендері жанұясынан бөлініп, айдауға жіберіліп жатты.

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Ішкі Істердің Халық Комиссариатының мәліметі бойынша 1937 жылы Қазақстанға 90 эшелонмен 20789 жанұя, 98454 кәріс ұлтының өкілдері көшіріліп әкелінді. 1937 жылы көшіп келген кәрістер бірінші қысты өздері әкелген азық-түлікпен, киім-кешекпен қанырап қалған мешіттерде, қоймаларда, атқораларда, бұрынғы түрмелерде қыстап шықты. Аштық, жаппай ауру, әсіресе балалар, әйелдер,

қариялар арасында кәрістерге қатты тиді. Қазіргі Қызылорда облысына қарасты Қазалы қаласына әкелінген 6000 кәрістің 250-ге жуық адамы бұрынғы түрмеге, 750 адамы қоймаларға орналастырылды. Жаңа Қазалыға әкелінген 500 адамның 100 адамы мешітке, қалғандары пәтерлерге бөлініп, орналастырылды. Бұл пәтерлерде адам басына 0,5 – 2 квадрат метрден ғана орын болған кәрістер, өздерінің жаңа үйлері болған түрмелерді, мешіттерді, қоймаларды қамысты жағып қыздырды.

Қызылордаға қоныстанған 2000 кәрістің «жағдайы болды» деуге болады. Олар клубтарда, мешіттерде қоныстанды. Ал 400 адамы бұрынғы шошқа қораларда, 100-і кейін түрме болған, бұрынғы патша әкімшілігінің ат қорасында орналастырылды. Отынның, керосиннің бағасының өсуіне байланысты көптеген кәрістерге олар қол жетімсіз болды. Осындай жағдайларда кәрістер 1937–1938 жылдың қысын қыстап шықты.

Қиыр Шығыстан көшірілген кәріс педагогикалық институты негізінде қазіргі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік институты құрылды.

Қазақстанда 1926 жылғы санақ бойынша 42 кәріс болса азғантай уақыт ішінде ол үлкен диаспораға айналып 1939 жылы 96457 адамға жетті.

КСРО-ның Батыс аймақтарын «тазалау» КСРО басшылығына ұнап қалған болу керек соғыс қарсаңында осы үрдіс жалғысып Закавказьедегі шекаралық аймақтардан Қазақстанға 1325 курдтар, 2010 ирандық жанұя, көптеген түріктер, армяндар көшіріліп, 1939 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 2387 күрд, 523 түрік тұрған екен.

Ұлы Отан соғысының басталуымен Кеңес үкіметі қорғаныс жүйесін күшейту мақсатында – деген сылтаумен тұтастай халықтарды қудалауды жалғастырды.

Бірінші кезекте бұл соққы немістерге тиді. Егер соғыс алдында Қазақстанда КСРО-ның 1427222 неміс ұлты

өкілінің 92 мыңы тұрса, 1941 жылы Қазақстанға тағы 467 мың немістер әкелінді, олардың 1291-і Арал ауданына, 1854-і Қазалы ауданына орналастырылды. Бұлармен қоса Краснодар өлкесінен 4 мыңдай грек әкелініп бір бөлігі Қазалы ауданына орналастырылды.

Кеңес тарихшылары немістердің КСРО-ның ішкері аймақтарына көшірілуін заман талабы деп АҚШ-тада жапондар күштеп лагерлерге жабылды деп кеңес үкіметін ақтады. Алайда бұл оқиғаны, осы үдеріс кезіндегі мыңдаған адамның аштықтан, жоқшылықтан, суықтан қырылғанын, мыңдаған адамдардың үмітінің үзілгенін ешқандай жағдаймен ақтауға болмайды.

1941–1942 жылдардағы майдандардағы жеңілістер мен шегінулер Кеңес үкіметінің соғыс алдындағы, соғыстың бастапқы кезеңіндегі КСРО-ғы этностарға деген саясатының дұрыс еместігін көрсетті. Үкімет жеңіске қорқыту, халықтарды қатаң тәртіпте ұстау арқылы ғана жетеміз деп түсінді, осының айқын дәлелі 1942 жылғы 28 шілдедегі КСРО ХКК-нің №227 бұйрығы. Қатаң тәртіп енгізіліп бұйрықты орындамағандарға ату жазасы енгізіліп, майдандағы жағдай оң нәтиже бере бастағасын Кеңес үкіметі кішігірім халықтарды жазалау арқылы бүкіл КСРО халқын қорқытып-үркітіп қойғысы келді. Бұндай халықтар қатарына негізінен солтүстік Кавказ халықтары жатқызылып, олар Сібірге, Өзбекстанға, Қазақстанға көшірілді. Олардың ішінде Қазақстанға көшірілген 45529 қарашай халқының өкілдері; 420 мың шешен мен ингуштар, 26924 адамы Қызылорда облысына көшірілді; 40900 балкарлықтар; 4501 қырым татарлары; 27833 месхетия түріктері, 1857 адамы Қызылорда облысына жайғастырылды, бұған қоса Қызылордаға көшірілген 2268 қалмақтар болды.

Бұл халықтардың жеңіске қосқан үлесі майдандағы ерлігі басқа КСРО халықтарынан артық болмаса кем болған

жоқ, мысалға алсақ 8000 қалмақ азаматы Ұлы Отан соғысы майдандарында ордендермен марапатталса, 21-і Кеңес Одағы батыры атағын алған. Әйелін, шалын, баласын қосқанда әрбір 5000 қалмақтың біреуі Кеңес Одағының батыры атағын алған қай ұлтта осындай көрсеткіш бар.

Отанын сатқандарға келсек, олардың көбі орыстар, украиндар, балтық халықтары болды. Қазір олар өз елдерінің ұлттық батырлары атағына ие болды. Неге осы халықтар қудаланбады? Себебі бұл халықтардың кейбіреулерін қудаласа бүкіл КСРО-ны көшіріп жіберу керек, ал Прибалтика халықтарын қудаласа Еуропаның байырғы халқын қудалап жатыр олар кеше ғана КСРО-ға күштеп қосылған еді – деп бүкіл дүниежүзі дүр сілкінер еді. Сондықтан кеңес үкіметі кеңес халқына сабақ болсын деп жоғарыда айтылған кішігірім этнос өкілдерін құрбандыққа шалды.

Сталин бастаған Кеңес үкіметі үшін Қазақстан жері миллиондаған халқы 30-шы жылдардағы аштықта құрылған, көп халық сиятын, түзету лагері есебінде көрінді. Қазақстан ол кезде конституцияға сай дербес республика болып саналғанмен, республика басшылығынан «Бұл адамдарды қабылдай аласындар ма – деп сұрамай – жібердік орналастырындар» – деген бұйрық Мәскеуден беріліп отырды.

Осылай Ұлы Отан соғысы жылдарында «моментті пайдаланды» – деген қағидамен Қазақстанның этно-демографиялық жағдайы күрт өзгеріп, онсызда соғыс алдында өз жерінде 38 пайызды құраған қазақтар, онанда бетер азайып Қазақстан халқының үштен бір бөлігін құрап қалды. Соғыс біткесін Қазақстанға аз ұлт өкілдерін көшіру 1949 жылғы дейін жалғасты. Бұл көштің соңында Қызылорда қаласындағы Тасбөбет плотинасын салуға күштеп әкелінген дүниежүзіндегі ежелгі халықтарың бірі гректер болды. Ежелгі дүниеде грек патшасы Александр

Сыр бойына дүниежүзін жеңіп, билеп, әскерінің ерлігі арқасында жетсе, XX ғасырдағы гректер тарихтың тәлкегін-ай қудаланып, жұмысшы күші есебінде әкелінді.

Қазақстанға қоныс аудару мұнымен біткен жоқ, 50-ші жылдардың басында Н.С. Хрушевтың тың жерлерді игеру саясатын қабылдауына байланысты, қара күшпен зорламасада, идеологиялық зорлау нәтижесінде тағыда 2 миллионнан аса басқа ұлттың өкілдері қазақ жеріне әкелінді. Бұл күштің жетіспеушілігі байқалғасын кезінде түрмеден майдандардағы штрафбаттарға жіберілгендей, мындаған түрмелерден шығатын мерзімі жақындаған сотталғандар тың жерді игеруге Қазақстанға жіберілді.

Бұлардың Қазақстанға келуі кезінде Сталин қайтыс болғандағы тарихта «Берияның амнистиясы» деген атпен қалған қылмыстың көбеюі кезеңінде болды. 1959 жылғы санақ бойынша Қазақстанда қазақтар бар болғаны 30 пайызды құрады.

XX ғасырдың 60–80 жылдарында Қазақстан жерінде комсомолдық құрылыстар жалғастырылып, сырттан Қазақстанға басқа ұлт өкілдерінің келуі жалғасын тапты. Бұл кезеңде қазақ жігіттері мен қыздарына қызметте көтерілуі үшін ана тіліне қарағанда орыс тілін меңгеру бірінші кезекке шығып, ұлттық құндылықтар, өнер, мәдениет, дәстүрлер ұмтыла бастаған кезең болды.

Кеңес үкіметінің жетпіс жыл жүргізген идеологиялық саясаты КСРО-ны мекендеген этностардың өзіндік құндылықтары мен болашағын жойып, бұрынғы «Рим империясының азаматы» – деген сияқты Кеңес азаматы деген тұлғаны құруға бағытталды. Бұл идеяның іске асуы мүмкін емес екенін 1991 жылғы оқиға дәлелдеп берді. Алайда патшалық, кеңестік дәуірде құрылған Қазақстанның этнодемографиялық ахуалы біздің еншімізге тиіп тұр. Сондықтан қазірге жағдайда түрлі мемлекеттерде болып жатқан этносаралық, конфессияаралық, ру-тайпа аралық

қақтығыстардың куәсі бола тұрып, біз бұндай жағдайдың Қазақстанда қайталанбауына жағдай жасауымыз керек. Бұның үлгісі есебінде бірнеше этнос өкілдерімен бірлесіп ағаларымыздың Ұлы Отан соғысындағы жеңісін, Жаңа Тәуелсіз Қазақстанның дамуына әртүрлі этностардың қосып жатқан үлесін дәріптеп жаңа қоғамның, болашағымыздың негізін татулық, түсіністік, толеранттылық, шыдамдылық негізде тәрбиелеуіміз керек..

**Место репрессированных народов в формировании
полиэтнического населения присырдаринского региона
(На основе материалов Кызылординских архивов)**

Территория современной Кызылординской области издревле была плотно заселенной территорией. Согласно древним и средневековым источникам, караваны проходившие по берегам Сырдарьи в течении дня проходили через несколько поселений и обязательно ночевали в караван-сараях. После перехода большинства казахов к кочевому образу жизни на берегах полноводной Сырдарьи сохранилось множество поселений и городищ, которые занимались земледелием. Это очень хорошо видно из исследований археологов научно-исследовательского центра «Археологии и этнографии» Кызылординского университета имени Коркыт Ата, которые сейчас проводят основные археологические исследования в Приаралье. Через земли Приаралья тысячелетиями проходили караваны с представителями разных этносов Азии, но коренное население этих земель сохранило свой приоритет.

В XIX веке с приходом на берега Сырдарьи царской администраций, благодаря строительству крепостей, оборонных сооружений и поселений увеличилась численность представителей разных этносов в регионе.